

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Әртараптандыруды ынталандыру және тікелей шетелдік инвестициялар мен шағын және орта бизнес арасында байланыс орнату" жобасын іске асыру туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 771 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Әртараптандыруды ынталандыру және тікелей шетелдік инвестициялар мен шағын және орта бизнес арасында байланыс орнату" жобасын іске асыру туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Махмұдұлы Қасымбекке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Әртараптандыруды ынталандыру және тікелей шетелдік инвестициялар мен шағын және орта бизнес арасында байланыс орнату" жобасын іске асыру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 16 қарашадағы  
№ 771 қаулысымен  
мақұлданған  
Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Әртараптандыруды ынталандыру және тікелей шетелдік инвестициялар мен шағын және орта бизнес арасында байланыс орнату" жобасын іске асыру туралы келісім**

Бұдан әрі жеке-жеке "Тарап" немесе бірлесіп "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы төмендегілер туралы келісті:

**1-бап. Келісімнің нысанасы**

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) "Өртарраптандыруды ынталандыру және тікелей шетелдік инвестициялар мен шағын және орта бизнес арасында байланыс орнату" жобасын (бұдан әрі - жоба) іске асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаға қатысты ЭЫДҰ орындайтын жұмысты қаржыландыруға келіседі.

3. Жобаның ұзақтығы осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 30 айды құрайды.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.05.2021 № 302 қаулысымен.**

## **2-бап. Бюджет және қаржыландыру тетігі**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ-ға жобаны іске асыруға арналған шығыстарды өтеу есебіне 690 000 еуро (алты жүз тоқсан мың еуро) мөлшеріндегі жарнаны беруге міндеттенеді.

2. Жарна мынадай графикке сәйкес:

а) 345 000 еуро (үш жүз қырық бес мың еуро) мөлшеріндегі бірінші жарна осы Келісімге қол қойылғаннан және ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін;

б) 345 000 еуро (үш жүз қырық бес мың еуро) мөлшеріндегі екінші жарна жобаның бірінші жылы туралы қаржылық есеп және ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін төленетін болады.

3. ЭЫДҰ бұл жарнаны өзінің Қаржылық және басқа да тиісті қағидаларына, ЭЫДҰ-ның саясаты мен рәсімдеріне сәйкес басқарады, онда қазіргі уақытта әкімшілік төлемдер үшін жарналардың жалпы сомасынан 5,3% мөлшеріндегі өтеу мөлшерлемесі көзделген. Шығыстар бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидаттарына сүйенетін және ЭЫДҰ аудитінің стандартты қағидаларына сәйкес аудитке жатады, ЭЫДҰ шоттарында көрсетілетін болады.

## **3-бап. Іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі рәсімдер және есептілік**

1. ЭЫДҰ жобаны қоса берілген техникалық тапсырмаға сәйкес іске асыратын болады.

2. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін тоғыз ай өткен соң ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне мазмұнды аралық есеп ұсынады.

3. Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін бір ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қорытынды мазмұнды есеп ұсынады.

4. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін он төрт ай өткен соң ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобаны іске асырудың алғашқы он екі айындағы шығыстары туралы жыл сайынғы есепті ұсынады.

5. Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін бір ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы қорытынды қаржылық есепті ұсынады.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық есептілікке қойылатын талаптар ЭЫДҰ есептілігінің стандартты форматына сәйкес келетінімен келіседі.

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.05.2021 № 302 қаулысымен.**

#### **4-бап. Ақпарат алмасу**

Осы Келісімнің Тараптары бір-біріне жәрдем көрсетеді және жобаны іске жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алмасады.

Тараптар арасындағы кез келген хабар алмасу үшін мынадай байланыс ақпараты қолданылады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі: 010000 Қазақстан, Астана, тел.: +7 (7172) 983 625, факс: +7 (7172) 983 625.

ЭЫДҰ үшін: Еуразия елдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі ЭЫДҰ бағдарламасы, Жаһандық байланыстар хатшылығы, 75775, Франция, Париж Cedex 16, 2, rue Andre Pascal, электрондық пошта: [jolanta.chmielik@oecd.org](mailto:jolanta.chmielik@oecd.org).

#### **5-бап. Жобаның нәтижелерін пайдалану**

1. Жобаның кез келген нысандағы нәтижелері тек ЭЫДҰ-ның айрықша меншігі болып қалуға тиіс.

2. Үшінші тараптардың құқықтары, сондай-ақ ЭЫДҰ-ның құжаттарды сыныптау және құпиясыздандыру жөніндегі қағидалары мен саясатын сақтаған жағдайда егер бұл қолданылатын болса, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы жарна есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар шеңберінде алынған жоба бойынша түпкілікті нәтижелерді кез келген үкіметтік коммерциялық емес мақсатта пайдалануға, кешіруге және таратуға арналған айрықша емес қайтарымсыз және бүкіл әлемде қолданылатын лицензияны ұсынады. Егер ЭЫДҰ тарапынан өзге нұсқамалар берілмесе, Қазақстан Республикасы ЭЫДҰ-ның жұмысқа меншік құқығын таниды.

3. ЭЫДҰ осындай жарияланымның тілі мен нысанына қарамастан түпкілікті есепті бірінші жариялау құқығын сақтайды.

4. Түпкілікті есеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаға қосқан үлесі туралы ескертпені қамтиды.

5. Жоба барысында ЭЫДҰ ұсынған Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып қалады. ЭЫДҰ көрсетілген деректер мен ақпаратты өз есебін дайындау, жариялау және басқа да зерттеушілік қызметке қатысты мақсаттарда пайдалануға және/немесе енгізуге құқығы бар.

#### **6-бап. Дауларды шешу**

Осы Келісімнің болуын, қолданылуын немесе бұзылуын қоса алғанда, түсіндірілуіне, қолданылуына немесе орындалуына қатысты туындайтын және келіссөздер жолымен реттелмейтін кез келген дау, келіспеушілік немесе наразылық осы Келісімді жасасу күніне қолданыстағы Аралық соттың тұрақты палатасының мемлекеттері мен халықаралық ұйымдар үшін төрелік сотының факультативтік қағидаларына сәйкес міндетті күші бар, соңғы төрелік талқылауымен шешіледі. Судьялардың саны - біреу. Судьялар Тараптар арасындағы уағдаластық арқылы таңдалады, егер төрелік талап етілгеннен кейін үш ай ішінде мұндай уағдаластыққа қол жеткізілмесе, судья Тараптардың бірінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген қағидаларға сәйкес тағайындалады. Төрелік сот Парижде, Францияда етеді және барлық іс жүргізу және ұсынылатын түсініктемелер ағылшын тілінде болуға тиіс.

### 7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер

Осы Келісімде ешнәрсе халықаралық ұйым ретінде ЭЫДҰ артықшылықтары мен иммунитеттерінен бас тарту деп түсіндірілмеуге тиіс.

### 8-бап. Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын және Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### 9-бап. Күшіне енуі

Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және екі Тарап осы Келісімнен туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін күшінде болады.

Әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндердің арасында алшақтық болған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз төлнұсқа болып табылады.

Қазақстан Үкіметі	Республикасының үшін	Экономикалық және даму	ынтымақтастық ұйымы үшін
Қазақстан Инвестициялар министрі	Республикасының және даму	Халықаралық директоры	қатынастар
Жеңіс Қолы:	Қасымбек	Андреас Қолы:	Шаал
Күні:		Күні:	
		Экономикалық және даму	ынтымақтастық ұйымы үшін
		Атқарушы Бағдарламалық, қаржылық	дирекция бюджеттік және қызмет бастығының
		орынбасары Антуан	Пайль

Қ о л ы :

Күні:

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Экономикалық  
ынтымақтастық және даму  
ұйымы арасындағы  
"Әртараптандыруды  
ынталандыру және тікелей  
шетелдік инвестициялар мен  
шағын және орта бизнес  
арасында байланыс орнату"  
жобасын іске асыру туралы  
келісімге қосымша

**Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының әртараптандыруды ынталандыру және тікелей шетелдік инвестициялар мен шағын және орта бизнес арасында байланыс орнату жобасына техникалық тапсырма**

**Анықтамалық ақпарат**

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі - ЭЫДҰ) миссиясы бүкіл әлемдегі адамдардың экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартатын саясатқа жәрдемдесуді білдіреді. ЭЫДҰ экономикалық анағұрлым дамыған 37 ел кіреді.

ЭЫДҰ тәжірибе алмасу және ортақ проблемалардың шешімдерін іздеу үшін үкіметтерге бірге жұмыс істеу мүмкіндігін беретін форум болып табылады. ЭЫДҰ экономикалық, әлеуметтік және экологиялық өзгерістерге ненің әсер ететіндігін түсіну үшін үкіметтермен жұмыс істейді. ЭЫДҰ сауда мен инвестициялардың өнімділігі мен жаһандық ағымдарын өлшейді, келешектегі үрдістерді болжау үшін деректерді талдайды және салыстырады, ауыл шаруашылығы мен салықтардан бастап химиялық заттардың қауіпсіздігіне дейін мәселелердің кең ауқымы бойынша халықаралық стандарттарды белгілейді.

Еуразияның бәсекеге қабілеттілігі туралы ЭЫДҰ-ның бағдарламасы Еуразия елдерінің экономикасын неғұрлым серпінді әрі бәсекелік нарықтарда дамыту үшін 2008 жылдан бастап іске асырылып келеді. Бағдарламада тұрақты өсуді қамтамасыз ету үшін елдердің, секторлар және субөңірлердің бәсекеге қабілеттілігін қай жерде және қалай арттыру қажеттілігін бағалауға арналған ЭЫДҰ-ның құралдары мен тетіктері қолданылады. Осы тәсіл бірқатар басым реформаларды әзірлеу және жүзеге асыруды қолдау үшін алқалы диалогты және әлеуетті өсіруді көздейтін өңірлік аспектіні де, сондай-ақ нақты елге бағдарланған өлшемді де қамтиды.

Бұл бағдарламаның шеңберінде осы елдердегі үкімет, жеке сектор мен азаматтық қоғам саяси іс-әрекеттерді қолдау және бәсекеге қабілеттілік жолындағы түйінді кедергілерді анықтау үшін диалогты және бірлескен процесті жүргізуде. Шетелдік инвесторларды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың реформа процесіне қатысуы

ұсынылған саясаттардың тиімділігі мен айқындығын қамтамасыз ету үшін шешуші болып есептеледі.

## 1. КІРІСПЕ

### 1.1. Қазақстандағы экономикалық өсім өндіруші салаларға шектен тыс тәуелді

2000 жылдан бастап елдің өсуі негізінен үлесіне ЖІӨ-нің 30%, экспорттың үштен екі және тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінен төрттен үш бөлігі тиесілі (тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағымының үштен екі бөлігіне жуық), бұдан әрі - ТШИ)<sup>1</sup> өндіруші салаларға (көмірсутектер мен металдарға) негізделген. Бұл елді шикізаттық тауарлар бағаларының құбылмалылығына аса тәуелді етті. Үкіметтің табыстары (жартысы көмірсутек шикізаттары өнеркәсібінен түседі) күрт қысқарып, өсуі мұнай бағаларының құлдырауынан баяулады. Осылайша, өндіруші салаға шектен тыс тәуелділік сыртқы дағдарыстардың әсеріне төтеп бере алмайтын осалдықтың көзі болып танылды.

Бұл Қазақстанның ресурстық байлығын проблема ретінде қарау қажет деген ұтымды білдірмейді. Деректер ресурстары мол өңірлердегі кіріс әдеттегідей орташадан жоғары, ал өсу көрсеткіштері нашар болмауы қажет екенін көрсетеді (Дүниежүзілік банк, 2014 жыл); тиісті саясат жүргізілген, ресурстарға негізделген экономика өте табысты болуы мүмкін (Аренд, 2006). Дегенмен, ресурс байлығы ресурстарға негізделмеген саудаға жасайтын қысым, ресурс секторынан тыс өнімділігі жоғары жұмыс орындарының құрылуына қиындық тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, өте кіші елдердің бірқатары шындығында моно салалық экономикалар ретінде дами алса, минералдар мен көмірсутектердің келешек бағалары және Қазақстанның ресурстар өндірісін ұлғайту қабілеті туралы агрессивті жорамалдармен де, тек қазақстандық қор секторлары халықтың басым тобына тиісті өмір деңгейін ешқашан қамтамасыз ете алмайды. Қазақстанның халқы мен оның адами капиталының елеулі қорларын есепке ала отырып, өркендеп тұрған коммерциялық емес қалалық сектор ұзақ мерзімді өркендеу үшін шешуші мәнге ие болады деген ойдамыз. Сондықтан да саясаткерлер жоғары өнімді секторлардың дамуын ресурстар өндірісі шеңберінен тыс көргісі келеді. Қазіргі уақытта жұмыспен қамтылуының едәуір үлесі еңбек өнімділігі төмен салаға шоғырланған, ал ұлттық көрсеткішпен салыстырылған ресурс өндірісі саласының өнімділігі шамалап алғанда сегіз есе артық бағаланады. Сондықтан да, жұмыспен қамту және әділдік проблемалары туралы сөз қозғалғанда әртараптандыру шешуші мәнге ие. Шындығында, тұтастай қамтитын өсім әртараптандыруды талап етеді.

Басқа секторлар өсу үшін әлеуеті бар екенін көрсетуде. Машина жасау, көлік және мұнай химиясы өндіруші қызметтің өсуінен пайданы алуы мүмкін.

Серпіні бар екенін көрсеткен басқа секторлар: агробизнесті, тамақ өнімдері өндірісін, автомобильдер өндірісі мен ақпараттық технологияларды қамтиды.

Көрсетілетін қызметтер саласы әлеуетті түрде өндірістік - өткізуші тізбегінде білім мен ақпарат саласында қарқынды болып табылатын елдің позициясын жоғарылатуға көмектесетін Қазақстанда экономикалық өсім драйвері ретінде рөлін атқаруы мүмкін.

## **1.2. Қазақстандық экономиканың өндіруші салалар шегінен тыс ауысуы**

Әртараптандыру Қазақстанда саясаткерлер үшін бұрыннан бері басымдыққа ие. Бірнеше үкіметтік құжаттарда, оның ішінде "Қазақстан-2050" стратегиясында әртараптандыруды ұлғайту және өнеркәсіпті дамыту қажеттілігіне назар аударылады. Осы қажеттілік Қазақстанда тұрақты проблема болған.

Әртараптандыру міндеті Қазақстанға ғана тән емес және қазіргі уақытта әртүрлі елдер қарауда, Чилиден бастап Біріккен Араб Әмірліктеріне немесе Моңғолияға дейін. Тәжірибеден қорытындыны шығару қажеттігімен қатар, экономиканы тиімді және тұрақты әртараптандыру үшін жергілікті ерекшеліктерді ескеру қажет.

Ұсынылған жобаның жалпы мақсаты тау-кен өнеркәсібінен басқа экономика саласындағы жоғары әлеуетті жеке сектордың дамуына бағытталған саясаттарда реформаларды әзірлеуге жәрдемдесу мен оларды жүзеге асыруға қолдау көрсету болып табылады. Осындай саясатты әзірлеу және іске асыру кезінде икемдіктің артуы қолда бар өнеркәсіптік саясатты ағымдағы қайтадан қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жобаның шеңберінде ТШИ, шағын және орта бизнестің (бұдан әрі - ШОБ) әртараптандыру үшін пилоттық жобалар ретінде қолданылатын экономикалық қызметтің жеке түрлері бойынша саясаттарды әзірлеуге ерекше назар аударылатын болады. Жобаның негізгі нәтижелерінің бірі жоғары өндіру қызметінің дамуына кедергі болған саясаттағы бөгеулерді реформалау бойынша, сондай-ақ қызметтің осы түрлерінің дамуын қолдау үшін жергілікті ойыншылардың мүмкіндіктерін нығайтуда көмек көрсету бойынша нақты іс-қимыл жоспарларын әзірлеу болып табылады. Жобаның әдіснамасы талдамалық зерттеулерден және ЭЫДҰ-ның мүшелері мен серіктестерді ұқсас экономикалық құрылымдармен салыстырудан басқа жеке сектордың жергілікті және шетелдік компаниялармен терең диалогты қолдануын қамтиды.

<sup>1</sup> ЭЫДҰ (2016) Тауарлардың халықаралық саудасы статистикасы ақпаратының негізінде (2015-2014 үшін орташа көрсеткіш)

## **2. ТШИ МЕН ШОБ ӘРТАРАПТАНДЫРУ**

Жоба шеңберінде өз мақсатына қол жеткізу үшін екі қағидатқа, түйінді мәселелердің бірқатарына және нақты талдау мен іс-шараларға негізделген тәсіл жүзеге асырылатын болады. Бұл жобаның әртүрлі нәтижелеріне әкеледі.

### **2.1. Жобаның тәсілі**

Жобаның тәсілі стратегиялық міндеттер мен әлеуетті проблемаларды бір уақытта шешуге негізделген. Жоба екі негізгі қағидатқа негізделеді:

1-құрауыш: басымдылықтарды анықтау үшін эксперименттік экономикалық қызметті қолдана отырып, бәсекеге қабілеттілік және ТШИ мен ШОБ әртараптандыру жолында саяси кедергілерді жою үшін нысаналы реформаларды әзірлеу және жүзеге асыруды қолдау;

2-құрауыш: жекелеген қызмет түрлерінде әлеуетті дамыту есебінен жекелеген бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты әртараптандыру.

## **2.2. Мақсаттары және түйінді мәселелері**

Жоба экспериментті экономикалық қызметті (мысалы, озық өндіріс немесе агроөңдеу) қолданып, жергілікті қатысушылардың экономикалық қызметтің осы түрлерінің даму қабілеттерін нығайтуға көмек көрсету және назар аудару үшін және оларды ТШИ мен ШОБ әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілігіне кедергі келтіретін саясаттарды реформалау бойынша нақты іс-қимыл жоспарларын әзірлеуге бағытталған. Онда мынадай өзекті мәселелер қаралатын болады:

өндіруші салалардан басқа қандай экономикалық қызмет неғұрлым үлгілі болып табылады?

осы іс-шаралардың арасында бәсекеге қабілеттілікті қолдайтын негізгі көлбеу саясаттар қандай және де жергілікті кәсіпорындарда кездесетін негізгі кедергілер қандай?

осы кедергілерді жою үшін қалай және не істеуге болады?

Үкімет өз әлеуетін және жеке сектордың, әсіресе, ШОБ-тың бәсекеге қабілеттілік мәселелерін шешу қабілетін жоғарылату үшін не істей алады және де қалай жүзеге асыра алады?

## **2.3. Әдіс және іс-шаралар**

Жобаның екі құрауышының әрқайсысы қатар дамитын болады.

**2.3.1. 1-құрауыш: Әлеуетті көлденең қызмет түрлеріне (мысалы, жаңа фирмаларды қаржыландыруға қолжетімділікті, интернационализациялауды қалайтын ШОБ үшін экспортты қолдауды, дағдыларды дамыту үшін жеке және мемлекеттік сектор арасындағы диалог) және секторларға ерекше назар аудара отырып, ТШИ мен ШОБ әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілігін анықтау үшін мақсатты реформаларды әзірлеу және қолдау**

Контекст

Жалпы іскерлік және инвестициялық ахуалдың жақсаруына қосымша Қазақстанды қоса алғанда, еуразиялық өңір елдерінің тәжірибесі, жоғары әлеуетті жеке іс-шараларда нысаналы реформаларды жүзеге асыру жергілікті кәсіпорындар мен инвесторларға іс-жүзінде әсерді қамтамасыз ете алатындығын көрсетті.

Қазақстанның көліктік және логистикалық хаб ретіндегі әлеуеті, әлемдегі бір тұрғынға шаққанда егістік жерлердің қолжетімділік мөлшері бойынша екінші орында болуымен бірге үйлесуі жоғары әлеуетті секторлар мен қызметтің бірнеше пилотты түрлеріне мұқият басымдылық берілгенін білдіреді.



## Іс-шаралар

Іс-шаралар басқа елдерде әртараптандыру бойынша салыстырмалы күштер жүзеге асырылған кезде сәтті болатын реттілікпен жүзеге асырылады: Бір өндірілмейтін секторда, ақпараттық технологиялар/ "цифрландыру" саласындағы дағдыларды және агроөндеудегі сапа стандарттарында инвестицияларды көтермелеу саясатының келесі бағыттарында Қазақстанмен консультациялар кезінде ЭЫДҰ үшін бірнеше жоғары әлеуетті пилотты іс-шаралар басым болады;

осыдан кейін, бұл түйінді қызмет түрлері талданады және жеке сектордың белсенді қатысуы жолындағы негізгі кедергілер анықталады (мысалы, бір өндірілмейтін секторда инвестицияларды көтермелеу саясаты, ақпараттық технологиялар/"цифрландыру" саласындағы дағдылар және агроөндеудегі сапа стандарттары);

Қорытындылай келе, ЭЫДҰ басым іс-шаралардың әрқайсысына арналған саяси реформалар үшін нақты іс-қимыл жоспарын әзірлейді.

Нәтижелер жеке тарауда сипатталған.

1-қадам: қызметтерді басым ету (2 ай)

1-қадамда жоғарыда көрсетілгендей, бірнеше әлеуеті жоғары пилоттық іс-шараларға баса назар аударылатын болады. Қолданылатын әдістер талдамалық құралдарды және жергілікті билік органдарымен және жеке сектормен, әсіресе, нақты секторлар бойынша жұмыс топтары ("жұмыс топтары") арқылы кеңестерді ұйымдастыруды қамтиды:

әлеуетті инвесторлар үшін және күтілетін экономика әсерден Үкімет үшін салалардың тартымдылығын есепке ала отырып, жұмыстың пилоттық бірліктері ретінде экономикалық қызметтің үш түрін іріктеу;

әлемдік нарықтарда экономика бәсекеге қабілетті болып табылатын салаларды анықтауға көмектесу үшін анықталған салыстырмалы артықшылықтар мен сауда көрсеткіштерін зерделеу;

серіктес ұйымдар, ғалымдар немесе Үкімет бұрын қабылдаған шараларды қолдану тұрғысында экономика және нысаналы ел бойынша дамыту саласында қолданыстағы әдебиеттерге сыни шолу;

мүдделі тараптар арасында консенсусты құра отырып, қарау үшін кейбір қосымша өлшемшарттарды айқындауға мүмкіндік беретін салалық сарапшылармен консультация ;

жергілікті билік органдарымен және жеке сектормен консультациялар.

1-қосымша. Сауда тиімділігі және салыстырмалы басымдылықтарды айқындау Елдің бәсекеге қабілеттілігін және әртараптандыруды дамыту үшін ең жақсы құралдарды анықтау көптеген академиялық және саяси пікірсайыс нысанасы болып табылса да, кейбір құралдар неғұрлым келісілген болып табылады. Олардың арасында айқындалған салыстырмалы артықшылықтарды талдау ү л к е н к ө р н е к і л і к к е и е . Елдің айқындалған салыстырмалы басымдылығын зерттеу басқа елдермен салыстырғанда осы елдің экспорттық қоржынында тауарлар санатының шектен тыс немесе жеткіліксіз талдауынан құрылады. Бұл прагматикалық құрал бәсеке қабілеттіліктің маңызды факторлары ретінде ненің болуының немесе

эртаптандыруды жалпы не ынталандыратыны жөніндегі қуатты гипотезаға негізделмейді. Дегенмен, талдаудың осы түрін қолдануда бірнеше кедергілер бар. Біріншіден, сауда жөніндегі ақпараттың болуы және оның сенімдігі алдын ала шарт болып табылады. Осыған орай, бейресми тораптар арқылы экспорттаушы елдер проблема туғызады. Екіншіден, сауда көрсеткіштері жергілікті қосымша құнның орнына тауарлардың жалпы құнын көрсететіндіктен, сәл ғана өзгертілген тауарларды кері экспорттау мақсатында импорттайтын елдер де нақты әдістемелік проблемаларды тудырады. Қорытындылай келе, осы әдістеме тауарлармен сауда туралы деректерге негізделеді, қызмет секторын талдау бөлек жүзеге асырылуға тиіс.

2-қадам: белсенділікті талдау және бәсекеге қабілеттілік үшін саяси кедергілердің диагностикасы (4 ай)

2-қадамда орын алған іс-шаралар сандық және сапалық әдістерді қолданудың көмегімен талданады. Сандық әдістер мыналарды қамтиды:

сұраныс пен ұсынысты талдау тұтыну және өндіріс, жаһандық және жергілікті үрдістерді, әлеуетті келешек эволюцияны, соның ішінде "цифрландыру" және ЭЫДҰ жұмысы шеңберінде мынадай өндірістік революция жөніндегі серпінін қамтиды (2-қосымша);

халықаралық сауда мен өндірістік өткізу тізбегінің серпінін талдау салалар әрекет ететін жалпы экономикалық және бизнес-логиканы анықтауға көмектеседі;

жергілікті кәсіпорындарға сандық шолулары жергілікті кәсіпорындар тап болатын мәселелерді нақты зерделейтін болады.

Осы талдаулар саясаттың он негізгі аспектісінде инвестицияларды ынталандыру және жеке сектордың өсуі үшін саясаттың негізгі талаптары егжей-тегжейлі баяндалған ЭЫДҰ-ның инвестициялар бойынша негіздемелік бағдарламасына негізделеді.

Қолданылуға тиісті сапалық құралдар жұмыс тобының қажеттілігі бойынша үйлестіретін саясаткерлер, бизнесмендер, инвесторлар мен салалық сарапшылардан алынған интервьюлерді қамтиды (Төменде келтірілген "жобаны ұйымдастыру" тарауын қараңыз).

2-қосымша. Экономикалық қызмет - цифрландыру және өндірістің келесі революциясы  
Өндіріс пен үлестірілуге едәуір әсер ете алатын технологиялардың тізімі өте үлкен. Өндірістің технологиялық мүмкіндіктері тұрақты түрде кеңейтілуде, ал технологиялар бір-бірінің мүмкіндіктерін толықтырып күшейтеді. Мысалы қазіргі уақытта жаңа бағдарламалық жабдықтама және ақпарат туралы ғылым саласындағы жетістіктер жаңа материалдарды әзірлеуге көмек береді. Жаңа материалдар анағұрлым қуатты бағдарламалық жабдықтама қосымшаларын құруға мүмкіндік беретін кремнийден жасалған жартылай өткізгіштерді әлдеқайда дамыған төсенішке ауыстыра алады. Технологияның осындай комбинаторлық мәні болжаудың әрдайым болмашы екендігін көрсетеді. Шындығында ретроспективті талдау көрсеткендей технологиялық кезеңдердің болжамдары, белгілі бір кезеңдерге жеткенде, әсіресе дәл болмау үрдісіне ие (Армстронг және басқалар, 2014.) Алайда, өндірістің әлеуетті бұзу технологиялары жақындады. ЭЫДҰ-ның жақында жұмысында қаралған шағын әзірleme мыналарды қ а м т и д ы :







Деректерді қуатты талдау және машиналардың алдында адамдардың тұрақты артықшылыққа ие болады деп есептелетін бейнелерді тану сияқты тапсырмаларда адами қасиеттермен бәсекелесетін машиналарға қызмет етуге жиі мүмкіндік беретін ақпараттың ірі жиынтығы. Бағасы қымбат емес, қажет роботтардың өлшемдері кішірейіп, интеллектуалдығы жоғарылап, автономды және икемді болуы тиіс. Бөлшектердің, құрамдас бөлшектердің және машиналардың Интернетте жоғары байланыстылығы. Түрлі материалдардан (мысалы, электр батареялары) жасалынатын бірнеше құрылымды көрсететін

күрделі объектілерді бастыруға мүмкіндік беретін 3D-басылым. Күшейтіп, электр өтімділігін көтеріп, елеуіш тәрізділігін күшейтіп және т.с.с. жаңа қасиеттерді материалдарға көшіретін нанотехнология. ЭЫДҰ зерттеулерінде қазіргі кезде жүзеге асырылатын өндірістік революцияның нәтижесінде пайда болатын проблемалар, сондай-ақ саяси мәселелерді кең түрде қарауға сын бар. Өндірістегі келесі революция (ӨКР) бойынша ЭЫДҰ-ның қазіргі кезде жүзеге асырылатын жобасы осы технологиялардың бірігуіне әкеледі. Осы технологиялардың кейбіреулері өндірісте қолданылуда, ал басқалары жақын келешекте қолжетімді болады. Бұл технологиялар өндірісті ("Өндіріс 4.0") және тауарлар мен қызметтердің таралуын ауыстырғандықтан, олар өнімділік, дағды, табыстардың үлестірілуі, молшылық пен қоршаған орта үшін алыс баратын әсерге ие болады. Аталған технологиялардың барлығы тез дамуда. Үкіметтер өндірістің қалай дамитынын неғұрлым көбірек түсінсе, соғұрлым олар тәуекелдерге және одан пайда алуы мүмкіндігіне дайын болады. Дерек көзі: ЭЫДҰ (алдағы), "Өндірістегі келесі революция" - G20 арналған баяндама, ЭЫДҰ Баспасы, Париж; және "Армстронг", С.К. Сотала және С.С. Остигерттай (2014), "Жасанды интеллект жөніндегі белгілі болжаулардың қателері, идеясы және сабақтары және олардың келешек үшін мәні қандай", "Тәжірибелік және теориялық жасанды интеллект" журналы, 26: 3, б. 317-342, DOI: 10.1080 / 0952813X.2014.895105.

3-қадам: реформа бойынша іс-қимылдардың нақты жобаларын әзірлеу (18 ай)

3-қадамда реформаларға арналған іс-қимылдардың нақты жобалары басым іс-шаралардың әрқайсысы үшін әзірленетін болады. Осы кезеңде басты назар "нені жүзеге асырудан" "қалай жүзеге асыруға" аударылады. Әрекеттердің тиісті басымдығы, қорларды бөлу және іс-қимылдардың реттілігі басым іс-шаралардың әрқайсысында реформаларға арналған нақты жоспарда толық сипатталады. Іс-қимылдардың осы жоспарларын іс-шаралардың әрқайсысында ұсынылған реформаларды іске асыруға қолдау көрсетуге арналған кезең-кезеңді нұсқау ретінде сипаттауға болады. Жоспарға мысал 3-қосымшада қағидалар бойынша ұсынымдар мысалымен 1-кестеде келтіріледі.

**1-кесте. Іс-қимыл жоспарына мысал**

	2012				2013				2014			
	1 тоқс ан	2 тоқс ан	3 тоқс ан	4 тоқс ан	1 тоқс ан	2 тоқс ан	3 тоқс ан	4 тоқс ан	1 тоқс ан	2 тоқс ан	3 тоқс ан	4 тоқс ан
<b>1-іс-қимыл: Кредиттік кепілдердің қайтадан қарастырылған схемасын іске қосу және таңдалған министрліктің саясатын жақсарту</b>												
1-қадам: кредитті өтеу қабілеттілігін арттыру, Схема												
2-қадам: бухгалтерлік есеп стандарттары н енгізуді жетілдіру												
3-қадам. Ақпараттық инфрақұрыл ымды әзірлеу												
<b>2-іс-қимыл: Кооперативтерге жәрдемдесу</b>												
1-қадам: Қазақстанда ауыл шаруашылы ғы кредиттік кооператив моделін күшейту												
2-қадам: Қазақстанда ауыл шаруашылығ ы кредиттік кооператив мүшелікті кеңейту												
3-қадам: Қазақстанда ауыл шаруашылығы кредиттік кооператив қызметтерін кеңейту												



## Іс-шаралар

2-құрауыш бөлігі шеңберінде әртараптандыруды кеңейту және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға арналған тиісті институттарды күшейту үшін әлеуетті өрістету бойынша семинарлар мен практикумдар қамтылатын болады.

### 2.3.2.1. Бәсекеге қабілеттілік реформалары бойынша ұсынымдар (12 ай)

ЭЫДҰ тобы қажеттілік туындағанда тиісті ішкі және сыртқы сарапшылармен талдау жүргізеді және ұсыныстар әзірлейді. Іс-шаралар үш сатыда жүзеге асырылатын болады:

I. Нақты саясатқа көңіл бөле отырып, тандалған пилоттық экономикалық қызметке әсер ететін Қазақстанда бәсекеге қабілеттілік саясатын әзірлеу және іске асыру үшін қазіргі кездегі мүмкіндіктерді енгізу (9 ай).

II. Мүмкіндіктерді жақсарту бойынша ұсынымдарды әзірлеу (3 ай). Жаһандық алдыңғы қатарлы тәжірибе мен Қазақстандағы жағдай арасында кемшіліктерді талдау оларды жақсарту жөнінде біркатар ұсынымдар әзірлеуге әкеледі.

III. Мүмкіндіктерді жақсарту ұсынымдарын енгізуге қолдау көрсету үшін нақты және нысаналы іс-қимыл жоспарын әзірлеу (12 ай). 1-құрауыштың үшінші кезеңінің ұқсас тәсілінде "не істеу керек" дегеннен "қалай жүзеге асыру керек" деген сұраққа назар аударылады.

### 2.3.2.2. Әлеуетті өсіру бойынша жұмыс отырысы және семинарлар (24 ай)

ЭЫДҰ саясаттың барлық тиісті салаларында төменде сипатталғандай әлеуетті өсіретін болады. Осы қолдау нақты салаларда бәсекеге қабілеттілікті жақсартудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін зерттеу үшін ЭЫДҰ елдері үшін ел ішінде саясат пен миссияларды жүзеге асыруды қолдау және мониторингтеу үшін өңірлерге жіберілетін тұрақты миссияларда әлеуетті өсіру бойынша семинарлар түрінде жүзеге асырылатын ұсынымдарды орындау бойынша Үкіметтің ұлттық және өңірлік күштерін, жұмыс топтарын ұйымдастыруды қамтиды. Сонымен қатар, ЭЫДҰ халықаралық сарапшылар мен ұлттық және субұлттық саясатшылар және ШОБ арасында байланыстарды орнатуға қолдау көрсетіп, "өзара алмасу" қағидаты бойынша әлеуетті мақсатқа сай өсіруді қамтамасыз етеді.

Тоқсан ішінде әлеуетті өсіру бойынша бір іс-шараны жүзеге асыру ұсынылады.

Екі элемент 1-құрауыш (1-қадам) шеңберінде әртараптандыруды қолдайтын, негізгі тандалған іс-шараларды ашу және қолдау үшін қолданылады:

1. Қызметтің негізгі түрлерін таңдау үшін консенсусқа негізделген процесс. Жобаның қолданыста болу тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ЭЫДҰ қызметтің негізгі түрлерін Үкіметтің тиісті жауаптарын есепке ала отырып таңдайтын болады. ЭЫДҰ Үкіметпен кеңестерді екіжақты коммуникациялар мен жұмыс топтары арқылы жүзеге асырады.

2. Басымдылықты анықтау нәтижелері бойынша бағалау семинары. ЭЫДҰ өз талдауын және басымдылықтардың ретін ұсынады және қажеттілік туындағанда,

нәтижелерді түпкілікті басымдау кезінде есепке алынатын пікір алу үшін Үкіметке жүгінеді. Бағалау семинары мүдделі тараптар - Қазақстан Үкіметі, ЭЫДҰ сарапшылары және қажет болған жағдайда сыртқы сарапшылардың, жеке компаниялардың, халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі:

Үш тармақта 1-құрауыш бойынша қызмет шеңберінде салалық талдау және кедергілер диагностикасы қолданылады және қолдау көреді (2-кезең):

1) Таңдалған қызмет түрлері бойынша саяси кедергілерді анықтау бойынша әдіснамалық семинар;

2) Таңдалған қызмет түрлерінің бәсекеге қабілеттілігін аралық талдау бойынша талқылау семинары;

3) ТШИ мен ШОБ әртараптануын түпкілікті талдау бойынша бағалау семинары. ЭЫДҰ өз талдауын ұсынады және басымдылықтардың ретін ұсынады және қажеттілік туындағанда ТШИ мен ШОБ әртараптануын талдаған кезде есепке алынатын пікір алу үшін Үкіметке жүгінеді. Бағалау семинары мүдделі тараптардың - Қазақстан Үкіметі, ЭЫДҰ сарапшылары және қажет болған жағдайда сыртқы сарапшылардың, жеке компаниялардың, халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Үш тармақта 1-құрауыштың (3-кадам) іс-қимыл жоспарын әзірлеу бойынша іс шаралар қолдау көретін болады:

1) Реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру бойынша әдіснамалық семинар;

2) Іс-шаралар жоспары бойынша талқылау семинары;

3) Қорытынды іс-шаралар жоспарлары бойынша бағалау семинары және/немесе " реформаларды іске асыруға арналған жобаны басқару". ЭЫДҰ іс-шаралар жоспарын ұсынады және назарға алатын тиісінше қорытынды іс-шаралар жоспарын құрастыру үшін Үкімет тарапынан түсініктемелерді сұратады. Бағалау семинары Қазақстанның мүдделі мемлекеттік ұйымдарының, ЭЫДҰ сарапшылары және қажет болған жағдайда сыртқы сарапшылардың, жеке компаниялардың, халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы диалогты дамыту үшін семинарлар мен тренингтердің көбісін мемлекеттік және жеке секторлар өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылатын ашық және жабық іс-шаралар түрінде өткізу ұсынылады. Қатысушылар қатарына тиісті министрліктер мен мемлекеттік мекемелердің үйлестірушілері, сондай-ақ жергілікті және халықаралық компаниялардың, халықаралық ұйымдардың жоғары деңгейдегі басшылары және азаматтық қоғамның өкілдері кіреді.

## **2.4. Нәтижелер**





кимыл жоспарын құрастыру									
2-құрауыш									
Экономикалық қызметтің таңдалған түрлерінде бәсекеге қабілеттілікті қолдау үшін институттарды құру және дағдыларын әзірлеу.									
Бәсекеге қабілеттілікпен байланысты реформалар бойынша ұсынымдар.									
	Бәсекеге қабілеттілік саясатын әзірлеу және іске асыру бойынша жергілікті мүмкіндіктерді түгендеу және үлгілі әлемдік тәжірибе үлгісімен салыстыру								
	Ұсынымдарды тұжырымдау								
	Іс-кимыл жоспарын құрастыру								
Дағдыларын жақсарту бойынша семинарлар/тренингтер өткізу, елдер миссияларымен тәжірибе алмасу									

### 3. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ

#### 3.1. Нысаналы топтар және негізгі мүдделі тараптар

##### Нысаналы топтар

Қызметтердің әрбір түрі үшін жоба нәтижелері ТШИ және ШОБ әртараптануына, инвестицияларды тартуға және бизнес ортаның, жеке сектордың отандық компанияларына және бизнес қауымдастықтарына, сондай-ақ шетелдік инвесторларына реформалар жүргізуді жүзеге асыру үшін жауап беретін Қазақстан Үкіметінің органдарына көмек береді. Қазақстан белгілеген негізгі нысаналы топтарға мыналарды қамтиды:

инвестициялық саясат, ШОБ саясаты үшін жауапты министрліктердің орта және жоғарғы мемлекеттік қызметшілерін;

инвестицияларды ынталандыру, ШОБ саясаты мен зерттеулеріне жауапты мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары;

қажеттілік туындағанда университеттер мен зерттеу мекемелерінің персоналы/лауазымды адамдары;

іскерлік ұйымдар мен жеке компаниялардың өкілдері кіреді.

Жобаны іске асыру Қазақстанның азаматтары мен мемлекеттік лауазымды адамдарының, компанияларының игілігіне бағытталады.

##### Негізгі мүдделі тараптар

Жергілікті деңгейде жобаның негізгі қатысушыларын Қазақстан Үкіметімен консультацияларда айқындайды және Премьер-Министр Кеңсесінің өкілдері және Инвестициялар және даму, Ауыл шаруашылығы, Ақпарат және коммуникациялар министрліктерін қамтуы мүмкін. ЭЫДҰ барынша жоғары дәрежеде Еуропа қайта құру және даму банкі (бұдан әрі - ЕҚДБ), АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігі,

Дүниежүзілік банк осыған қосымша ретінде бастамалармен жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымдар сияқты басқа халықаралық ұйымдардың әлеуетін өрістету бойынша жұмыс отырыстары мен семинарлардың барлығына қатысуға ниеттенеді.

### **3.2. Жобаны үйлестіру және ұйымдастыру**

Жобаны ЭЫДҰ Жобалық тобы басқарады және бағыттайды.

Жергілікті консультативтік топ (төменде анықталғандай) ЭЫДҰ-ның саясат ұсынымдарын жүзеге асыру үшін жергілікті деңгейде қолдау көрсетеді.

#### **ЭЫДҰ-ның жобалық тобы**

Жобаны тақырыптық саланың әрқайсысында мамандандырылған ЭЫДҰ жобасына арналған ЭЫДҰ техникалық сарапшылар мен кеңесшілердің қатысуымен ЭЫДҰ Жобалық тобын басқарады және бағыттайды.

ЭЫДҰ мемлекеттік басқару органдарымен консультациялар жүргізеді және де қажет болғанда негізгі және ұйымдастырушылық мәселелер бойынша олардың қажеттіліктері мен мәселелерін тиісті түрде есепке алады. ЭЫДҰ басқа әріптес ұйымдардың ЭЫДҰ-дың Жобалық тобына тартылуы туралы шешімді қабылдай алады (мысалы, Германияның халықаралық ынтымақтастық қоғамы, ЕҚКДБ және т.б.).

#### **Халықаралық танымалдық**

Жоба үш қосымша тетіктің көмегімен халықаралық танымалдықты қамтамасыз етеді. Біріншіден, ЭЫДҰ Жобалық тобы сарапшыларды оның ішінде ЭЫДҰ-ның сарапшыларын, ғалымдарды, ЭЫДҰ елдерінің мамандарын немесе бас мемлекеттік қызметшілерін қамтып, халықаралық тақырыптар бойынша жұмылдырады. Екіншіден, жобаның жетістіктері Орталық Азия бойынша ЭЫДҰ бастамалары Басқарушы тобында және "Еуразияның бәсекеге қабілеттілігі" дөңгелек үстелінде ұсыну жолымен ЭЫДҰ шеңберінде қосымша танымалдылыққа ие болуы мүмкін. Үшіншіден, қазақстандық ресми тұлғалар Еуразияның басқа елдерімен келешекте жүзеге асыратын ұқсас жобаларды сарапшылық бағалауға белсенді түрде қатысуға мүмкіндік алады.

### **3.3. Жергілікті консультативтік топ пен жұмыс топтары**

Жобаның қызметін тиімді түрде қолдау үшін екі деңгейлі жергілікті топтарды екі тізбекті кезеңде құру ұсынылады.

Жобаны әзірлегенде ЭЫДҰ-ның саяси ұсынымдардың жергілікті жүзеге асырылуына ықпал ететін жергілікті консультативтік топты құру ұсынылады. Консультативтік топтың жұмысын Инвестициялар және даму министрінің басшылығымен ұйымдастыруға тиісті министрліктер мен мемлекеттік органдарды тартуға болады. Жергілікті консультативтік топ жобаның стратегиялық және ұйымдастырушылық мәселелер бойынша ЭЫДҰ-ға кері байланысты қамтамасыз етіп, жобаның орындалу барысын тұрақты түрде талдайтын болады.

Жергілікті консультативтік топтарға тиісті вице-министрдің төрағалығымен әрекет ететін тақырыптық жұмыс топтары қолдау көрсететін болады. Осы жұмыс топтары 1-ші және 2-ші құрауыштарда сипатталған қызметтің жергілікті аспектілерінің іске

асырылуы үшін жауап беретін жедел орган, сондай-ақ делдал немесе әлеуетті өрістету бойынша қызмет органы болады. Олар Үкіметтің техникалық персоналының және жеке сектор мен азаматтық қоғамның тиісті өкілдерінің, сарапшылар мен демеушілердің қатысуымен мемлекеттік-жекеше форматқа сәйкес шамамен тоқсанына бір рет кездесетін болады. Жұмыс топтары ЭЫДҰ-ға деректер жинауға, талдауды әзірлеудегі ынтымақтастықта, сарапшылардың байланыстарын ұсынуда, материалдарды карауда және кері байланысты қамтамасыз етуде қолдау көрсетеді.

### 3.4. Бюджет

ЭЫДҰ-ның осы жобаға салымының жалпы шығыны былайша бағаланады.

Құрылымдық шығындар	Еуро
Персонал шығыстары	409312
Бір адамға жұмсалатын шығыстар	53499
Консультанттар	37776
Миссия шығыстары (қызметкерлер құрамы және ЭЫДҰ сарапшылары)	135176
Әртүрлі (мысалы: фотокөшірмені басып шығару, жарияланым)	17667
ЭЫДҰ әкімшілік шығыстары	36570
<b>Жалпы сметалық шығыстар</b>	<b>690000</b>